

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Мәжіліс Парламентінің
депутаттарына

2023 жылғы 25 мамырдағы
№ ДЗ-190 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қазақ ұлттық өнер университетіне (бұдан әрі – Университет) қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, Университетке қатысты көтерілген сұрақтарыңыз әділ екенін хабарлаймын және менімен Мәдениет министрімен бірге өткен кеңесте қаралды.

Мен де Сіз сияқты Университет ғимаратының жағдайына алаңдаймын. Осыған байланысты, Мәдениет және спорт, қаржы министрліктеріне Университет ғимаратының осындай «қайғылы» жай-күйінің себептерін анықтау, сондай-ақ бар проблемаларды шешу жолдарын іздеу үшін Университетті қаржыландыру көлеміне талдау жүргізу тапсырылды.

Сондай-ақ, Мәдениет және спорт министрлігіне, Университетке балалардың тамақтануы, олардың қауіпсіздігі мәселелерімен айналысу тапсырылды.

Сонымен қатар, биыл Университетке білім беру тапсырысы шеңберінде 7,1 млрд теңге бөлінгенін хабарлаймын, 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде барлық корпусстарға ағымдағы жөндеу жүргізуге қосымша 10,8 млн теңге бөлу көзделген.

Университет мәселесі бақылауға алынды. Қабылданып жатқан шаралар туралы Мәдениет министрлігімен Сіздерге қосымша хабарлайтын болады, сондай-ақ депутаттық саулауда көрсетілген бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары және Университетті ұстауға бағытталған қаражатты жұмсау жөніндегі есептілік ұсынылатын болады.

Т. Дүйсенова

Орын.: Рахимова А.Е.
тел.: 74-53-47

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам Мажилиса
Парламента Республики

На № ДЗ-190
от 25 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос относительно Казахского национального университета искусств (далее – Университет), сообщаю, что вопросы, поднимаемые Вами в отношении Университета справедливы, и мною рассмотрены на совещании с Министром культуры.

Я также, как и Вы, обеспокоена состоянием здания Университета. В связи с чем, поручено Министерством культуры и спорта, финансов провести анализ объемов финансирования Университета для выявления причин столь «плачевного» состояния его здания, а также поиска путей решения имеющихся проблем.

Также поручено Министерству культуры и спорта, Университету разобраться с вопросами питания детей, их безопасности.

Одновременно сообщаю, что в этом году Университету выделено 7,1 млрд тенге в рамках образовательного заказа, при уточнении республиканского бюджета на 2023 года дополнительно предусмотрено выделение 10,8 млн тенге на проведение текущего ремонта всех корпусов.

Вопрос Университета взят на контроль. О принимаемых мерах Министерством культуры будет Вам сообщено дополнительно, а также предоставлен план мероприятий по устранению нарушений, указанных в депутатском запросе и отчетность по расходованию средств, направленных на содержание Университета.

Т. Дуйсенова

Исп.: Рахимова А.Е.
тел.: 74-53-47